

13 мамыр
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930

жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

ЕРЛІК ҰМЫТЫЛМАЙДЫ,
ЖЕҢІС РУХЫ БИІКТЕ САМҒАЙДЫ

9 МАМЫР — ЕЛ ҮШІН, ЖЕР ҮШІН ЖАНЫН ҚИҒАН БОЗДАҚТАРДЫ ЕСКЕ АЛУ, ОЛАР ҚАЛДЫРҒАН МҰРАНЫ ҚАСТЕРЛЕУ, БЕЙБІТ ӨМІРДІҢ БАҒАСЫН ҰҒЫНУ КҮНІ. БИЫЛҒЫ ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ, ҚАЗАҚТЫҢ ҚАНАРМАН ҚЫЗЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҚ МЕРЕЙТОЙЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ЕСКЕ АЛУ» ШАРАСЫ — ӨТКЕННІҢ ӨНЕГЕСІН БҮГІНГЕ ЖЕТКІЗГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ БАСТАМА.



Таңмен таласа аудан тұрғындары мен ардагерлер ескерткіш маңына жиналып, тағзым рәсіміне қатысып, гүл шоқтарын қойды.

Әр гүл — жүректегі алғыс пен ұлт жадысындағы өшпес ерліктің нышаны іспетті. Бұл — үнсіз тілдесу сәті. Бұл — боздақтар рухымен сырласқан, сол бір сұрапыл күндердің үнсіз куәсі болған ескерткіш алдында тебіреніс пен тағзым-

ның тоғысқан шағы. Салтанатты сәтте аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы ел-жұрты Жеңіс күнімен құттықтап, Отан үшін отқа түскендердің рухына бас иіп, ерліктің елге аманат екенін айтты.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев пен тыл еңбеккері Ерғали Жұбанов та сөз сөйлеп, «Тарихты ұмытқан — тамырынан айырылады»

деген нақылды еске салды. Олар «Ерлік — елге мұра, ұрпаққа ұран» деген байламмен бүгінгі бейбіт өмірге жету жолында жанын пидә өткен батырлардың есімін ұлықтаудың маңызын атап өтті.

Мәңгілік алау жанындағы бір минут үнсіздік — бұл үн емес, жүрек үндеуіндей. Тыныштықтың өзінде толғаныс, үнсіздіктің өзінде өмірге деген шексіз алғыс жатты. Бұл — тек

өткенді еске алу емес, бүгінгі бейбіт күннің қадірін сезіну. Сонан соң көпшілік мәдениет үйі алдына бет түзеп, «Ерлік даңқы ешқашан өшпейді» атты мерекелік шараға куә болды. Шараны хор ұжымы бастаған әнмен ашты. Тыңдарман жүрегіне жол тартқан әр әуен, әр сөз — батырларға арналған алғыс пен ұрпақтың ілтипаты. Сахна төрінде отаншылдық рухтағы әндер орындалып, көрерменнің көңілі тебіренді. Жеке орындаушылар мен вокалдық топтар орындаған әрбір ән Жеңіс рухын сөздіріп, елдік пен ерлікті дәріптеді.

Шара барысында ұлттық би ансамблі қазақы болмысты паш етсе, сахналық қойылымдар соғыс жылдарының ауыр тынысын қайта тірілкендей болды. Тарих беттерінен тірі сурет болып келген көріністер көрерменді өткенге жетеледі. Көгершіндердің көке самғауы — бұл еркіндіктің, бейбіт өмірдің белгісі. Сол бір сәтте бейне бір Жеңіс рухы аспанмен астасып, жүректерге үміт пен сенім сыйлағандай болды...

Бұл күн — ата-баба ерлігінің шежіресін бүгінгі ұрпақ санасына сіңірудің айғағы. Батырларды елі ұмытпайды. Ерлік — ұрпаққа ұлағат, тарихқа тағылым. Қанша жыл өтсе де, Жеңістің рухы — жүрек төрінде.

МЕРЕЙЛІ МЕЗЕТ —

ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАРҒА ҚҰРМЕТ!

7 МАМЫР - ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ «ЕЛ ЕРТЕҢІ - ЖАСҰЛАН» АТТЫ САЛТАНАТТЫ МӨДЕНИ ШАРА ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ АТАУЛЫ КҮН - ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН ҚОРҒАУДА ЕРЛІК ПЕН ҚАНАРМАНДЫҚТЫҢ, ОТАНСҮЙ-ГІШТІК ПЕН АЗАМАТТЫҚ ЖАУАПҚЕРШІЛІКТІҢ СИМВОЛЫ РЕТІНДЕ ЖЫЛ САЙЫН КЕҢ КӨЛЕМДЕ АТАП ӨТІЛЕДІ.



Шара барысында Ойыл ауданының әкімі Асқар Қайырғалиұлы Қазыбаев құттықтау сөз сөйлеп, еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтуға үлес қосып жүрген азаматтардың ел алдындағы еңбегі зор екенін атап өтті. Ол өз сөзінде: «Отан қорғау ең қасиетті парыз. Егеменді еліміздің қорғаныс қабілетін арттыру жолындағы ерен еңбектеріңіз үшін шынайы алғысымды білдіремін. Бұл мереке сіздердің ерлік пен батырлық, адалдық пен жауапкершілікке негізделген қызметтеріңізді бағалау күні», — деп атап өтті.

Аудан басшысы құттықтау лебізінен соң, ел тыныштығын

қүзетіп, қорғаныс саласында аянбай еңбек етіп жүрген азаматтарға құрмет көрсетіп, арнайы Алғыс хаттарын табыстады.

Салтанатты сәттен кейін көрермендерге патриоттық рухтағы концерттік бағдарлама ұсынылды. Қазақ хандығы тақырыбындағы композициядан басталған мерекелік кеште хордың орындауындағы «Елім менің» әні шырқалды. Сондай-ақ «Маржан» би ансамблінің орындауындағы қазақ биі, жас өнерпаздар мен дуэттердің орындауындағы патриоттық әндер мен күйлер көрермендер көңілінен шықты.

АТ ТҰЯҒЫНЫҢ ДҮБІРІ
ДЕЛЕБЕНІ ҚОЗДЫРҒАН КҮН

7 мамыр күні Ойылда Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналған ұлттық ат спортынан жарыстар өтті.

Яғни, Ойылдың күн батысындағы бөйге алаңы тұлпарлар тұяғының дүбіріне бөленді. Ойылдықтардың да ұлттық спортты сағынғаны сонша, бөйге алаңына ауыл көшіп барғандай болды. Жарыстың ашылу салтанатында аудан әкімі А.Қазыбаев жұртшылықты мерекемен құттықтаса, мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов шабандоздарға бата берді.

Алдын-ала хабарланғандай, тай жарысы 6 шақырымға, құнан бөйге 9 шақырымға және аламан бөйге 21 шақырым болып белгіленді. Алдымен сөреге тай мінген шабандоздар шықты.

«Ат болатын құлынды желі басынан танысың» дегендей, қырым еті жоқ, сұлу мүсінді тайлар талайдың таңдайын қақтырды.

Дегенмен, жарыс жолына шыққан 21 тайдың ішінен бағы мен бабы келіскен хромтаулық Мәлік Жантерековтың



«Қарлығашы» алдына қара салмай, бас жүлдеге қол созса, Қарабұтақтан келген Игілік Ақниетовтың «Батыр» атты тайы екінші келіп, егесіне жүлде сыйлады. Тай жарысының үшінші жүлдесі Мар-

жанбұлақтан келген Мақсат Омаровтың «Қоян қасқасына» бұйырды.

Құнан бөйгенің бас жүлдесін көнігі атбегі ақшатаулық Мұхит Рахатовтың ұлы алты жасар Ахмедияр мінген «Ақтабаны»

иеленсе, Қобда ауданынан келген Адайбек Молдашевтың «Ақ көжегі» екінші жүлдені еншіледі.

Бөйгеге қатысқан 14 құнанның ішінен ойылдық Қыдыржан Айдығалидың «Ханшайы-

мы» мәре сызығын үшінші болып кесті.

Жиналған қауым асыға тосқан 21 шақырымдық аламан бөйгеге 18 сәйгүлік шықты. Жүрік аттың бабы мен шабандоздың бағы сыналар шақ

та осы еді. Сөреден соңынан қозғалып, бес айналым бойы соңғы жағында ілбіп жүрген хромтаулық Мәлік Жантерековтың «Қызғалдағы» соңғы екі айналымда бауырын жаза шауып, алдағы топты қуып жетіп қана қоймай, көмбеге таяғанда өзгелерді шаң қаптырып, бас бөйгеге тігілген «500 мың» теңгені ұтып алды. Мәліктің тайына да мінген шабандоз Сұлтан Назарқұлов Ойылдағы екі бөйгенің де бас жүлдесін алып кетті. Көптоғай ауылдық округі, Шұбарши ауылының атбегі Бауыржан Елекбаевтың Ерасыл Маратов мінген «Қарагері» көмбеге екінші болып келді. Аламан бөйгенің үшінші жүлдесі Маржанбұлаққа кетті. Мансұр Жаксылықтың «Гауһартасы» егесіне 200 мың теңге сыйлады.

Ат бөйгесінің жеңімпаздарына алдын-ала белгіленген жүлделерді аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен мәдениет қайраткері Амангелді Жұманов және «Ойыл ауданының құрметті азаматы», жерлесіміз Сырым Бақтыгерев табыстады.

ДЕНСАУЛЫҚ БЕТІ

ТЕРІ АУРУЛАРЫ ДА НЕГІЗІНЕН МАЛДАН ЖҰҒАДЫ

Дерматомикоз ауруы – адамдар мен жануарлар арасында кең таралған ортақ паразитарлық ауру.

Дерматомикоз саңырауқұлақ инфекциясы, таз ауруына әкеліп соқтыратын жұқпалы тері ауруы. Науқас адамның тері қабыршақтары кілемге, еденге түсіп ұзақ уақыт сақталады.

Саңырауқұлақтар шашты, тері қабатын, тырнақтарды зақымдайды.

Ауру науқас адамнан, үй жануарларынан (әсіресе үйсіз мысықтар, иттер) жұғады.

Инфекция науқас адаммен және жануармен тікелей байланыста болғанда, яғни қол алысу, жеке заттар (киім, аяқ киім, тарақ, сүлгілер, манжолар керек жарақтары және т.б.), ортақ заттар (кітаптар, қаламдар, жихаздар, ойыншықтар) арқылы берілуі мүмкін.

Сонымен қатар шаш алдыру кезінде, тырнаққа маникюр жасау кезінде, моншаға барғанда гигиеналық талаптар сақталмаған кезде жұқтырады.

Аурудың инкубациялық кезеңі(жасырын кезеңі) 1 аптадан 1 айға дейінгі аралықты құрайды.

Белгілері:

-шаштың түсуі, терінің қабыршақтануы, бас терісінде бөртпе пайда болады;
-тегіс теріде дөңгелектенген айқын шекаралары бар, шеттері көтерілген қабынудан ісінген дақтары пайда болады. Зақымданған ошақтың ортасында құрғақтанған қабыршықтар болуы мүмкін.

Сонымен қатар, науқастардың көпшілігі өз ауруына мән бермей, басқалардың денсаулығына қауіп төндіре отырып моншаларға,бассейнге, спорт залдарына, шаштараздарға барады.

Ауруды жұқтырудың алдын алу мақсатында көлесі қағидаларды сақтауды ұсынамыз:

- бөде адамдардың бас киімдерін, аяқ киімдерін, тарақтарын, төсек-орын жабдықтарын және керек-жарақтарды пайдаланбау;
- қанғыбас мысықтар мен итермен байланыста болмау;
- жануарлармен байланыста болғаннан кейін, құмсалғышта ойнағаннан кейін қолды сабынмен жақсылап жуу қажет;
- ваннада немесе душта үнемі жуынып тұру (аптасына кемінде бір рет).

- санитариялық қағидаларға сәйкес үнемі профилактикалық дезинфекция жүргізілетін моншаларға, сауналарға, жүзу бассейндеріне, спорт залдарына бару керек екенін білу маңызды;
-сүлгіні жиі жуу, міндетті түрде үтіктеу;
-ата-аналары балаларына қол жуу қағидаларына үйрету, қанғыбас жануарлармен ойнамауды ескерту;
-үй мысықтары мен иттерде аурудың алғашқы белгілері пайда болғанда оларды емдеу үшін ветеринариялық дәрігерге көрсету қажет.

Егер теріде және бас терісінде бөртпелерді байқасаңыз, дер кезінде диагноз қою және тиісті ем алу үшін медициналық ұйымдарға тексерілу қажет.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы - бұл маусымдық ағымымен ерекшеленетін табиғи-ошақтық ауру. Аурудың өршуі мамырдан тамызға дейінгі кезеңде тіркеледі. 80% жағдайда диагноз 20 жастан 60 жасқа дейінгі адамдарда расталады.

Табиғаттағы ГГЛ негізгі тасымалдаушылары мен көздері - өртүрлі кеміргіштер, үй және жабайы жануарлар (ірі қара мал, жылқы, ит, шошқа) арқылы кенелер таратады. Көбінесе адам вирус жұқтырған кене шаққанда, вирус ағзаға тері арқылы енгенде жұқтырады. Сондай-ақ, адам кенелерді жаншығанда, вирус денеге микрожарықтар мен терідегі жаралар арқылы енген кезде де жұқтыруы мүмкін. Адамның КҚГЛ вирусына табиғи бейімділігі жоғары. Қырым геморрагиялық қызбасының алғашқы белгілері кенеттен пайда болады. Ауру температураның 40 градусқа дейін көтерілуінен басталады. Күшті безгектің аясында науқастар бүкіл денеде әлсіздік пен ауырсынуды сезінеді. Бет, мойын, жоғарғы кеуде қуысының гиперемиясы, склера тамырларының конъюнктиваның жарылуы тән. Егер емделмеген болса, өлімге әкелуі мүмкін. Сондай-ақ, өлім инфекциялық-уытты шок, өкпе қабынуы, қайталама бактериялық асқынулар нәтижесінде болуы мүмкін. Қырым геморрагиялық қызбасының алдын алу шаралары - кене ауруларының алдын алудың ең жақсы жолы – кене шағуының алдын алу. –табиғатқа шыққанда алаңды өңдегеннен кейін ғана

лагерь құру керек, шөпке отыруға немесе жатуға болмайды.

- саябаққа немесе саяжайға барған кезде жабық киім киген жөн, шалбар балақтары етікке тығылған болуы керек және міндетті түрде өзіңізбен бірге бас киімді алыңыз, шашыңызды бас киімнің немесе орнамалдың астына жинаңыз. - арнайы аэрозоль және спрей репелленттерін пайдаланыңыз, оларды үш сағат сайын қайталап жағып тұру керек. - орман аймағында, шөпті өсімдіктері бар жерлерде жүрген кезде әр 10-15 минут сайын өзара және өзін-өзі тексеруді, үстіңгі тексеруді жүргізу керек.

- ашық демалыстан қайтып, киімдерін шешкеннен кейін денені, шаш пен киімді кенелердің, әсіресе бас терісін, қолтық асты, құлақтың артындағы жерлерін жабысып қалатын кенелердің бар-жоғын мұқият тексеріңіз. Киімді желдетіңіз, бөлмеге бірден гүлдерді, бұтақтарды, аңшылық олжаларды әкелмеңіз.

- бекітілген және жабысқан кенелерді анықтау және жою үшін үй иттерін және басқа үй жануарларын тексеріңіз.

Есіңізде болсын!

Кене шағуы аса қауіпті инфекцияның – Қырым геморрагиялық қызбасының даму мүмкіндігімен қауіпті. Оған қоса, табиғи ошақтардағы кенелер кене энцефалитінің қоздығыштарын тасымалдауы мүмкін. Кенеден қорғану ережелерін сақтау және дереу медициналық көмекке жүгіну сізді аурудан сақтап және өміріңізді сақтайды.

ТРОПИКАЛЫҚ БЕЗГЕК БӘРІНЕ ҚАУІПТІ

Безгек – бұл қызбамен, қанмен жеткіліксіз қамтамасыз етілмеуімен және көкбауырдың ұлғаюымен сипатталатын паразиттік тропикалық ауру. Аурудың инкубациялық кезеңі 7 күннен 1 айға дейінгі, тропикалық безгекпен – 3 жылға дейінгі мерзімді құрайды. Безгектің 4 түрі бар: тропикалық, үш күндік, төрт күндік және сопақша безгек. Ең ауыры – тропикалық. Безгек ауру адамнан сау адамға маса шаққанда беріледі. Бұл ретте тағы 2 берілу жолы бар – қан құю кезінде және құрсақшылық, яғни науқас ана болашақ сәбиіне жұқтырған кезде.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының деректері бойынша, жыл сайын әлемде безгекпен ауыратындар саны 300-ден 500 миллионға дейін жетеді, оның 2 миллионы қайтыс болады. Безгектен 5 жасқа дейінгі балалар жиі зардап шегеді. Ауру мен өлім-жітімнің ең жоғары деңгейі Сахараның оң жағалауында орналасқан Африка континентінің өңірлерінде кездеседі. Оңтүстік Шығыс Азияда, Үндістанда және Ауғанстанда ауруды жұқтыру қаупі бар. Сонымен қатар, безгек туристердің сүйікті жері – Тайландта тіркеледі. Туристерді табиғи байлығымен қызықтыратын әйгілі Чантабури, Канчанабуридің шеткі аудандары безгек бойынша қолайсыз елді мекендер.

Алдын алу шаралары:

- басқа елге барар алдында дәрігерден кеңес алу;
- масалардың шағуына қарсы құралдарды қолдану;
- терезелер мен есіктерді бүркемелеу;
- аэрозольді инсектицидтерді қолдану
- Паразиттер дамуының инкубациялық кезеңі жеті күннен үш жылға дейін созылады.

Ауру қызбаның қайталануы түрінде ауыр түрде өтеді. Температура 40 градусқа дейін көтеріледі және қатты қалтыраумен және қарқынды терлеумен бірге жүреді.

Егер белгілі бір уақыттан кейін күн сайын (әр күн сайын немесе екі күннен кейін) мұндай шабуылдардың қайталануы анық болса - безгекпен ықтимал ауру туралы ойлану керек. Безгектің өрте көріністері басқа аурулардың алғашқы белгілеріне ұқсас екенін есте ұстаған жөн. Диагноз дәрігер қан сынамасын зертханалық тексергеннен кейін ғана қоя алады. Безгекті дер кезінде диагностикалау және емдеу аурудың ауырлығын төмендетуге және өлімнің алдын алуға көмектеседі. Ауруды болдырмаудың ең тиімді жолы – алдын алу. Сондықтан тропикалық елдерге баратын туристер безгектің дамуын болдырмау үшін тропикалық елдерге кетуден бір апта бұрын денені қорғауды қамтамасыз ететін безгекке қарсы препаратты үнемі қабылдауды бастау керек. Препаратты тропикалық елдерде болған барлық кезең ішінде және үйге оралғаннан кейін бір ай бойы жалғастыру керек.

Дәрі-дәрмекті таңдау тұрғылықты елге байланысты, ал оның дозасын дәрігер анықтайды. Безгек ауруы бойынша қолайсыз елдерде болған кезде сіз өзіңізді масалардың шағуынан қорғануыңыз керек. Тұрғын үй-жайлардағы есіктер мен терезе саңылаулары москит торларымен жабылуы керек. Бөлмеге масалардың кіруіне жол бермеу үшін, егер тор болмаса, түнде терезелер мен есіктерді жабу керек. Ұйықтар алдында шатырдың тұтастығын және оның ішінде масалардың жоқтығын тексеріңіз.

САРЫП - АДАМ МЕН МАЛҒА ОРТАҚ АУРУ

САРЫП (БРУЦЕЛЛЕЗ) – АДАМДАР МЕН ЖАНУАРЛАРДЫҢ СОЗЫЛМАЛЫ, ӨТКІР ИНФЕКЦИЯЛЫҚ АУРУЫ. ОЛ ӨКПЕНІҢ ҚАБЫНУЫ, ЛИМФА ТҮЙІНДЕРІНІҢ, ЖҮЙКЕ ЖҮЙЕСІНІҢ ЖӘНЕ ТІРЕК-ҚИМЫЛ АППАРАТЫНЫҢ ЗАҚЫМДАЛУЫМЕН СИПАТТАЛАДЫ. БАРЛЫҚ ЖЕРДЕ ТАРАЛҒАН ЗООНОЗДЫ АУРУ. ИНКУБАЦИЯЛЫҚ КЕЗЕҢ БІР АПТАДАН БІРНЕШЕ АЙҒА ДЕЙІН СОЗЫЛАДЫ.



Бұл аурудың әсерінен барлық жануарлар да сал аурына шалдығуы, буаз малдар іш тастауы мүмкін. Бруцеллез ауруының қоздығыштары бруцелла бактериясы, олар төмен температураға және мұздатуға төзімді, суда 5 ай, топырақта 3 ай, тұздалған теріде 2 ай, жүнде 3-4 ай сақталады. Сүтті қайнатып, пастерлеп дезинфекциялаған кезде ғана бірнеше минуттан соң жойылады. Адам ағзасына бруцелла ас қорыту және тыныс алу жолымен, сондай-ақ зақымдалған тері арқылы және малмен таралады.

Адамдар бруцеллезді мынадай жағдайда жұқтыруы мүмкін:

1. Ауру малды сою кезінде;
2. Шикі және шала пісірілген ет және сүт өнімдерін пайдалану кезінде;
3. Жүн-теріні өңдеу кезінде;
4. Ауру малды күтіп-ұстау (соның ішінде төлдеу кезінде).

Бруцеллез ауруының белгілері:

1. Температураның көтерілуі;
2. Адамның терлеуі;
3. Буын бұлшық еттерінің ауруы;
4. Әлсіздік,төбеттің және салмақтың жоғалуы.

Негізгі алдын алу шаралары:

1. Жануарлар күтіміне байланысты барлық жұмыстарды, әсіресе төлдеу науқанында арнайы қорғаныш киімдерін (арнайы киім, аяқ киім, қолғап) киіп жүргізу, бруцеллез ауруының алдын алу және жеке бас гигиенасы ережелерін сақтау;
2. Балаларды, жасөспірімдерді және жүкті әйелдерді аралас-тғырмау қажет;
3. Иелігіндегі ауылшаруашылық жануарларының қанын жос-парлы түрде зертханалық тексеруден өткізу
4. Ветеринариялық анықтамасыз сүт және сүт өнімдерін бейберекет сауда орындарынан сатып алмау керек. Алдын алу шараларын сақтай жүріп, кез-келген аурудың алдын алуға болады.

Сонымен қатар сарып ауруының алдын алу мақсатында көлесі шараларды сақтау қажет

-Ауыл шаруашылығы жануарларына күтім жасау кезінде жеке гигиена қағидаларын сақтау;
- Мал сатып алу кезінде ветеринарлық анықтаманы талап ету;
-Бруцеллезбен ауырған немесе оған тексерілмеген малды жеке шаруашылықтағы малдың сау үйіріне қоспау;
- Ет, сүт және басқа да мал өнімдерін сатып алу кезінде сол өнімдердің қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарды талап ету;
- Рұқсат етілмеген жерлерден мал өнімдерін мен шикізаттарын сатып алмау керек.

ЭНТЕРОВИРУС - ЖҰҚПАЛЫ АУРУЛАР ТОБЫ

Энтеровирустық инфекциялар - бұл өртүрлі клиникалық формалармен сипатталатын қоздығыштардың фекальды-ауызша берілу механизмі бар энтеровирустар тудыратын адамның жұқпалы аурулар тобы. Көбінесе энтеровирустық инфекциялар респираторлық вирустық инфекциялар ретінде жасырылады.

Менингит пен энцефалиттің дамуымен аурудың ауыр түрлерін дамыту мүмкіндігі де бар. Инфекцияның қоздығыштары-Коксаки А, Коксаки В, ЕСНО топтарының энтеровирустары. Вирустар сыртқы ортада төмен температураға, мұздатуға және ерітуге төзімді.

Бөлме температурасында олар 15 күнге дейін өмір сүре алады. Инфекцияның жалғыз кезі-клиникалық айқын формасы бар немесе симптоматикалық ағымы бар, вирустарды қоршаған ортаға нәжіспен, сондай-ақ жоғарғы тыныс жолдарының бөлінуімен бөлетін науқас адам. Инфекцияның негізгі берілу жолдары – Су (энтеровирустармен ластанған су айдындарында шомылу кезінде), алиментарлы (ластанған суды, лас көкөністер мен жемістерді, сүтті және басқа да өнімдерді тұтынуды), сондай-ақ ауа-тамшылы берілу жолы (түшкіру, жөтелу, сөйлесу кезінде). Клиникалық көрінісі. Инкубациялық кезең 2-нен 10 күнге дейін.

БАРЛЫҚ ФОРМАЛАРҒА ТӨН БЕЛГІЛЕР:

дене температурасының 38-39 дейін жоғарылауымен жедел басталуы, бас ауруы, бұлшықет ауруы, жүрек айну, құсу, бет пен мойынның гиперемиясы, Бадамша бездердің шырышты қабаттары, жұмсақ таңдай, жұтқыншақ, жақты мойны лимфа түйіндерінің ұлғаюы.



Типтік формалардың ішінде энтеровирустық экзантема жиі кездеседі. Ол 7 күнге дейін безгекімен, 2-3 күнде мол, ұсақ дақты бөртпелердің пайда болуымен сипатталады.

Энтеровирустық инфекцияның тағы бір типтік түрі-герпангина. Аурудың барлық белгілеріне тән белгілерден басқа, ауыз-жұтқыншақтың шырышты қабығындағы өзгерістер тән. Негізгі алдын алу шаралары. Жеке гигиенаны қатаң сақтау-адам дәретханадан кейін, тамақтанар алдында, сондай-ақ тамақ дайындамас бұрын қолын жууы керек; азық-түлікте тек санитарлық талаптарға сәйкес келетін суды пайдалану шомылу маусымында тыйым салынған жерлерде суға түсуге болмайды, әсіресе бұл тұщы су көздері болса; рұқсат етілген жерлерде шомылу кезінде де суды жұтуға жол берілмейді; кез-келген жемістер мен көкөністерді тамақтанар алдында жақсылап жуу керек- әр адам өз ыдыстарын қолдануы керек, егер ол бала болса, оған қажет таза емізгіктер, бөтелкелер, ойыншықтар және басқа заттар; тыныс алу этикетін сақтау - егер адам жөтелсе немесе түшкірсе, ол бір реттік орамал қолдануы керек.

Өнімдер кеміргіштермен және жәндіктермен байланыста болудан қорғалуы керек; шикі және дайын тағамдарға арналған тақталар мен пышақтар өртүрлі болуы керек. Балалар мен ересектердегі энтеровирустың алдын алу үшін науқас адамның ыдыстарын бөліп алу керек. Егер пациент үйде емделсе, онда бөлмені үнемі желдетіп, күн сайын дымқыл тазалау керек. жоғары сапалы өнімдері бар сенімді кафелерде; жағажайлардағы сатушылардан жемістер мен басқа да тағамдарды сатып алмаңыз; тек бөтелкедегі суды ішу керек және қолыңызды мүмкіндігінше жиі жуу керек; жағажайға таңғы 11-ге дейін немесе 15 күннен кейін; ыстық ауа-райында сіз кез-келген салат, дайын балық пен ет сатып алмауыңыз керек; теңізде шомылғаннан кейін душ қабылдауды ұмытпаңыз; экзотикалық жемістер мен басқа тағамдарды шектеңіз.

«Денсаулық беті»

Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының көмегімен өзірленді

Газет аптасына бір рет шығады. Таралымы 1423 дана. Тапсырыс 535 Көлемі 1 баспа табақ, индекс 65525

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылады. Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2. Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

«ӘНІМ СЕНСІҢ – ӘЛИЯ»:
ӨШПЕС ЕРЛІК, ӨЛМЕС РУХ

ЕРЛІК — ЕЛГЕ МҰРА, ҰРПАҚҚА — ҰРАН. ОЙЫЛ АУДАН-
ДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІ ҰЙЫМДАСТЫРҒАН «ӘНІМ СЕН-
СІҢ — ӘЛИЯ» АТТЫ ПАТРИОТТЫҚ ӨНДЕР БАЙҚАУЫ
ДӨЛ ОСЫ ҰҒЫМДАРДЫ ЖҮРЕККЕ ТАҒЫ БІР МӨРТЕ
СІңІРГЕН ТАҒЫЛЫМДЫ КЕШ БОЛДЫ. БАТЫР ҚЫЗ
ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ ЕСІМІМЕН АТАЛАТЫН БҰЛ
БАЙҚАУ ЖАС ҰРПАҚҚА ОТАНСҮЙГІШТІК ПЕН РУХ
БИІКТІГІН ӨНЕР ТІЛІМЕН ЖЕТКІЗУДІ МАҚСАТ ЕТТІ.



Аудан аумағындағы ауылдар мен мекемелерден 10-17 жас аралығындағы үміткерлер қатысып, өздерінің өнер мен жүрек үндестігін сахнада көрсете білді. Байқау екі кезеңнен тұрды: алғашқы кезеңде патриоттық өндер орындалса, екінші кезеңде еркін тақырыптағы шығармалар шырқалды. Барлық өндер жанды дауыста орындалып, үміткерлердің сахна мәдениеті мен кәсіби шеберлігі басты назарда болды. Қазылар алқасының құрамында мәдениет саласының майталмандары әділ қазылық етті.

ҚР мәдениет саласының үздігі, «Шапағат» ансамблінің жетекшісі Боранбай Ешпанов, мәдениет үйінің үйірме жетекшісі Назира Жұмабаева және музыка мектебінің вокал пәні оқытушысы Манаргүл Досбаева — жас өнерпаздардың шеберлігін жіті бағалап, әділ шешім шығарды. Нәтижесінде, 14-17 жас аралығында I орын иегері — Жұлдызай Нұрмағамбетова, ал 10-13 жас санатында I орын-

ды Рахат Мөңдібайұлы жеңіп алды. Осы жастағы өзге дарын иелері де назардан тыс қалмады: II орындар Нұртілек Маратұлы пен Құралай Дүйсенбаева, III орындар Іңкәр Ергенқызы мен Кәусар Балтабайға табысталды. Барлық жеңімпаздар мен қатысушылар алғыс хаттармен және ақшалай сыйлықтармен марапатталды. Бұл — олардың өнер жолындағы алғашқы қадамына берілген үлкен серпін, рухани қолдау. Байқау соңында көрермендер жүрегін тебірткен бір ғана ән шырқалды.

Сол бір сәтте зал ішін үнсіздік жайлап, әр жүрекке батыр қыздың рухы қайта жаңғырды. Өйткені Әлия — тек тарихтағы есім емес, ол — әр қазақтың жүрегіндегі жалынды рухтың символы. Ұлтты ұлт ететін — оның ерлігі мен өнері. Осындай тағылымды шаралар жас буынның бойына елге деген сүйіспеншілік пен рухани серпінді дарытатыны сөзсіз. Себебі, «елін сүйген — ер болады, ерін сүйген — ел болады».

«ОЙЫЛ КУБОГІ:
ҰЛТТЫҚ РУХ ПЕН МЕРГЕНДІК САЙЫСЫ»

ОЙЫЛ БАЛАЛАР-ЖАСӨСПІРІМДЕР СПОРТ МЕКТЕБІНІҢ СПОРТ АЛАҢЫНДА
ОТАН ҚОРҒАУШЫЛАР КҮНІНЕ ОРАЙ ДӘСТҮРЛІ САДАҚ АТУДАН «ОЙЫЛ КУБОГІ»
АТТЫ АУДАНДЫҚ КОМАНДАЛЫҚ БІРІНШІЛІК ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ. БҰЛ КҮНІ КӨК
БАЙРАҒЫМЫЗ ЖЕЛБІРЕП, ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК РУХЫ АСҚАҚТАДЫ.



Ауыл тұрғындары мен жас спортшылар үшін бұл мереке — намыс пен мәртебенің, ауызбіршілік пен айбынның шынайы көрінісіне айналды. Жарыстың салтанатты ашылу рәсімінде Ойыл аудандық спорт секторының бөлім меңгерушісі Бақырған Мұхамбетқали мен аудан спортының ардагері, көпшілікке еңбегімен де, өнегесімен де үлгі бола білген Мінсізбай Жұлдыбаев сөз алып, қатысушыларға ізгі тілектерін арнады. Олар бұл жарыстың тек спорт-

тық дода ғана емес, жас ұрпақтың бойында отансүйгіштік қасиетті нығайтатын рухани тәрбие алаңы екенін атап өтті. Биылғы жарысқа ауданның түкпір-түкпірінен 17 команда қатысып, өзара мықтыны анықтады. Ағаш найза көздеген мергендер арасындағы бәсеке аса тартысты өтті. Әрбір оқ атылған сайын көрерменнің делебесі қозып, командалар бір-біріне жігер беріп, шынайы спорттық рух пен достықтың үлгісін көрсетті.

Құттықтау

АҚШАТАУ АУЫЛЫНЫҢ ТҰРҒЫНЫ
ҚОНЫС БОРАНБАЙҰЛЫ
АЙЖАРЫҚОВТЫ
70 ЖАСҚА ТОЛУЫМЕН ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

Құрметті Қоныс жезде, жетпіс жасыңыз құтты болсын!

Сіз туған жеріңіз Ақшатауда 41 жыл ұстаздық қызмет атқарып, зейнетке шықтыңыз. Осы уақытта бірнеше шәкірт тәрбиеледіңіз, сол шәкірттеріңіз ел экономикасын дамытуда, әр салада еңбек етуде. Оны ел біледі. Біз сізге зор денсаулық тілейміз. Света апамызбен бірге 100 жасаңыз.

Ігі тілекпен: балдыздарыңыз Әнуар-Гүлнар, Руслан-Жамал.

Құттықтау

ҚҰРМЕТТІ СӘУІРБАЙ
ҰЛЫҚПАНҰЛЫ!

Сізді 75 жасқа толған мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз!

Өмір жолыңыз — елге, жерге, халық игілігіне арналған адал еңбектің айғағы. Ауыл шаруашылық саласындағы мол тәжірибеңіз бен басшылық қызметтегі жауапкершілігіңіз көптеген жетістіктерге жетеледі. Сіздің біліктілігіңіз бен іскерлігіңіз көптеген жас мамандарға үлгі болды. Бұл мерейлі белес — Сіздің өміріңіздегі жарқын сәттердің бірі. Сізге зор денсаулық, қажымас қайрат, шаңырақтың амандығы мен баянды бақыт тілейміз. Еңбегіңіздің жемісін көріп, ұрпақ қызығына бөлене беріңіз!

Ізгі ниетпен, ҚР АШМ АӨК МИК "РФД және БӨО" РММ Ақтөбе облысы Ойыл аудандық филиал ұжымы

ЖЫР БАЙҚАУЫ - ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ

«ӨЛЕҢ – СӨЗДІҢ ПАТШАСЫ, СӨЗ САРАСЫ» ДЕП ДАНА АБАЙ АЙТҚАНДАЙ, ПОЭЗИЯ МЕРЕКЕСІНЕ АЙНАЛҒАН ЕРЕКШЕ КЕШ ӨТТІ. ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫ МЕН ХАЛЫҚ ҚАҺАРМАНЫ, КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ӘЛИЯ МОЛДАҒҰЛОВАНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН «ӘНІМ СЕНСІҢ, ЖЫРЫМ СЕНСІҢ – ТУҒАН ЖЕР!» АТТЫ ПОЭЗИЯ КЕШІ ЖАС ЖҮРЕКТЕРДІҢ ОТАНҒА ДЕГЕН МАХАББАТЫН, ТУҒАН ЕЛГЕ ДЕГЕН ШЕКСІЗ СҮЙІСПЕНШІЛІГІН ЖЫРҒА ҚОСҚАН ТАҒЫЛЫМДЫ СӨТ БОЛДЫ.

Аудандық жастар ресурстық орталығының бастамасымен өткен кештің басты мақсаты — өлең арқылы елдік рухты ояту, жас буынның бойына отансүйгіштік пен патриоттық сезімді дарыту. «Туған жерге туынды тік» деген халық даналығын ту өткен жастар кеш барысында Бейбітшілік, Отан, Туған жер тақырыптарында жыр оқып, көрермен жүрегіне жол таба білді. Кешке қатысқан жиырмаға жуық жас өлең оқумен ғана шектелмей, ұйымдастырушылар ұсынған ұйқастарға арнап суырыпсалма түрде шумақтар шығарып, шығармашылық қарымын көрсетті. Бұл — сөзге жүйріктердің, жүрегімен сөйлейтін жастардың поэзиямен тілдескен сәті еді. Жас ақындардың әрбір жыры — жүректің сөзі,



елге деген сүйіспеншіліктің көрінісі болды. «Жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өшпейді» дегендей, Әлиядай

батыр арудың рухына арналған өлеңдер де оқырман көңілін тербетті. Туған жердің топырағына табанын тигізіп

тұрып, туған елдің тынысын жырға қосқан жастардың жан тебіренісі залға жиналған көрерменді бей-жай қалдырмады. Шара соңында ерекше көзге түскен қатысушыларға орталық тарапынан бағалы сыйлықтар табысталды. Бұл — талантқа деген құрметтің, жырға деген бағалаудың белгісі.

Бұл кеш — тек өнер мерекесі емес, ұлт руханиятына қосылған үлес, поэзия арқылы тәрбиенің биік үлгісі болды. Жас жүректерге туған жердің қадірін сездіріп, жырмен елге деген сүйіспеншілік оятқан осындай шаралар ел ертеңі үшін қажет. Өйткені «Отан — отбасынан басталады» десек, сол отаншылдықтың бастауы — жүрек төрінде бұр жарған шынайы сезім мен мөлдір өлеңде.

ЖҰМЫС – ТҰРМЫСТЫҢ ТІРЕГІ
«ЕҢБЕК – ЕЛДІҢ ЕРТЕҢІ» ДЕСЕК, ЖҰМЫС — ӨР АДАМНЫҢ ӨМІРІНЕ МӨН, ТҰРМЫСЫНА ТҰРАҚТЫЛЫҚ БЕРЕТІН БASTY ТІРЕК. ОСЫНЫ БASTY НАЗАРҒА АЛҒАН ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МАНСАП ОРТАЛЫҒЫ ЖУЫРДА ШАҒЫН БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАР ЖӨРМЕҢКЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРДЫ.



Бұл шара — жұмыссыз жүрген азаматтарға бағыт-бағдар беріп, жаңа мүмкіндіктерге жол ашқан нақты қадам болды. Жәрмеңке барысында түрлі сала бойынша 13 бос жұмыс орны ұсынылды. Қарапайым ғана шара болып көрінгенімен, бұл — біреудің жаңа өмірге бет бұруына, бір отбасының әлеуметтік жағдайының жақсаруына себеп болған маңызды басқосу. Нәтижесінде 9 азамат нақты жұмыс орындарына жолдама алып, еңбек нарығына енудің алғашқы қадамын жасады. Бұл — «Ізденген жетер мұратқа» деген сөздің шынайы көрінісі. Сондай-ақ, жұмыс іздеуші 11 адамға мамандар тарапынан кеңес беріліп, еңбек заңна-

масы мен мүмкіндіктер жайында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Бұл да болса — тек жұмыс ұсыну ғана емес, бағыт сілтеп, қолдау көрсету деген сөз. Өр азаматтың қоғамға қажет екенін ұғындыру — осы іс-шараның түпкі мақсаты. «Жұмысы бардың — ырысы бар» дейді дана халқымыз. Бүгінгі шағын ғана жәрмеңке — үлкен бастаманың көрінісі. Себебі еңбекке араласқан әр адам — ел экономикасына үлес қосушы, өз отбасының қорғаны. Мансап орталығы ұйымдастырған бұл шара — біреуге үміт, біреуге мүмкіндік, ал ел үшін келешекке сенім ұялатқан игі іс болды.

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл сәлосы.

ГРАНТҚА КІМДЕР ҮМІТКЕР БОЛА АЛАДЫ?

«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздері оқуын аяқтаған, жұмыссыз ретінде тіркелген, жеке кәсіпкер ретінде тіркелген (3 жылға аспайтын) төмендегі санаттарға жататын қатысушылар мансап орталығынан берілетін 400 АЕК (1 572 800 теңге) мөлшеріндегі грантқа үміткер бола алады:
*аз қамтылған отбасы мүшелері — атаулы әлеуметтік көмек алушылар,
*көп балалы отбасылар - көп балалы отбасылар бойынша жәрдемақы алушылар,
*қоныс аударғандар,
*қандастар,
*мүгедектігі бар адамдар,
*мүгедек баланы (мүгедек балаларды) тәрбиелеп отырған тұлғалар үшін.
*асыраушынан айрылғаны туралы жәрдемақы алушылар, Айта кету керек, жоғарыда аталған санаттарға жатпайтын азаматтар мемлекеттік қайтарымсыз грантқа үміткер бола алмайды.
Грантқа қалай өтініш беруге болады?
«Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздері аяқтаған Еңбек министрлігінің Business. Епбек порталындағы «Грант» бөлімінде өтініш бере алады. Анықтама телефондары: + 7 (7132) 22-20-37 Ойыл ауданының мансап орталығы Ойыл ауылы Шерияз көшесі 49

ЕСКЕ АТУ



Көзімде жас,
Кеудемде сағыныш...ӘКЕ

КАЗАНБАЙ КОБАКБАЕВ
(17.05.1945-11.02.2004)
Бейнең келет көз алдыма сағындырып,
80 жас деп сағынысып, еске алып.
Тойланбайтын туған күн толғандырып,
Жыр жазамын сағынышпен бір күрсініп.
Бала-шағам деп жүріп, өтті өмірің,
Мандай тер мен бейнетке толы жұмырың.
Бұл фәнидің көрмесеніз де зейнетін,
Әділ жерде жұмсақ болсын тұғырыңыз!
Еске алушы: бала-келін, немерелері, қыздары-күйеубалалары.